Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№72 (9959)
12 қыркүйек
сейсенбі
2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Аймақ жаңалықтары

Аудан әкімдерін халық сайлайды

Күні кеше облыстық мәслихаттың кезектен тыс VI сессиясы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты. Сессиясының күн тәртібінде Қызылорда облысы бойынша аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдерінің сайлауын өткізу үшін пилоттық аудан және облыстық маңызы бар қалалардың тізбесін бекіту, сайлау өткізетін күнді белгілеу туралы екі мәселе қаралды.

Президент бастамасымен іске қосылған ауыл әкімдерін тікелей сайлау демократиялық үрдісінің қисынды жалғасы – аудан әкімдерін сайлау.

– Әкімдер сайлауы – Мемлекет басшысының басты реформаларының бірі. Өздеріңіз білетіндей, 2021 жылдан бері аудандық маңызы бар қала, кент және ауылдық округ әкімдерінің сайлауы жүйелі өткізіліп келеді. Екі жылда облыс бойынша 100 әкім сайлауы өткізіліп, нәтижесінде 54 әкім жаңадан сайланды. Ендігі қадам – Мемлекет басшысы биылғы Жолдауда атап өткендей, аудан әкімдерінің пилоттық сайлауы. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына сәйкес пилоттық өңірлердің тізбесін және аудан, облыстық маңызы бар қала әкімін сайлауды өткізу күнін белгілеу туралы мәслихаттың шешімі сайлау тағайындауға негіз болады. Бүгін сіздермен қабылданатын шешім халықтың билікке деген сенімін күшейтуге және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік береді, – деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Бұдан кейін күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша облыстық мәслихаттың депутаты А.Оңғарбаев ұсыныс енгізіп, сессияға қатысқан 23 депутаттың бірауыздан дауыс беруі арқылы пилоттық сайлау өтетін аудандар айқындалды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша облыстық мәслихаттың төрағасы Н.Байқадамов «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына сәйкес аудан, облыстық маңызы бар қала әкімін сайлауды тиісті аумақтық сайлау комиссиясы мәслихаттың шешімімен белгіленген, аудан, облыстық маңызы бар қала әкімін сайлауды өткізетін күнге дейін кемінде елу күн бұрын тағайындайтынын хабарлап, сайлау күнін белгілеу бойынша ұсыныс енгізді.

Мәслихат шешімімен Шиелі және Сырдария аудандарында пилоттық аудан әкімінің сайлауы өтетіні айқындалып, сайлауды өткізу күні 2023 жылы 5 қарашаға белгіленді.

«ЖЖ» ақпарат

Өңір өнімі

Сапалы өнім сұраныска ие

«Егін ексең, ебін тап,
Ебін тапсаң, жерін тап» демекші, биыл аудандағы Жаңадария ауылында бақша өнімдеріне басымдық берілді. Ауылда еткен еңбектің жемісін көру үшін тұрғындар көктем мезгілінен бастап дайындалады. Содан кейін күзден бастап халыққа өнімдерін ұсынады. Бақшаның бабын білген халықтың да көңілі тоқ.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Жаңадария десе аудан халқының көз алдына қауын-қарбыз елестейтіні анық. Себебі жыл сайын шалғайдағы ағайын бақша өнімдерін баптауды қолға алады. Ал бұл өнімді халыққа ұсынып жатқан шаруашылық иелерін көбіне бағаламай жатамыз, кейде кәсіптің бұл түріне қызығатынымыз тағы бар.

Жаңадария – аудан орталығынан шалғай демесеңіз, ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы елді мекен. Жергілікті тұрғындар ауылдың абаттануына, елді мекен халқының әлеуетінің артуына, экономикасының нығаюына жұмыс жасауды әдетке айналдырған. Сонымен қатар тұрғындардың талап-тілегі де, шешімін табуы тиіс мәселелер де баршылық. Сол мәселелердің бірі – аяқ су тапшылығы. Аяқ су тапшылығының алдын алу ауыл үшін өте маңызды екені сөзсіз. Өйткені ауыл халқының барлығыдерлік егін шаруашылығымен айналысады. Егін егіп, алажаздай еңбектеніп, қоңыр күзде өнімінің берекесін көруді әдетке айналдырған. Сондықтан ауыл азаматтарына қолбайлау болатын мәселенің ең әуелгісі де осы.

Жаңадарияда бақша өсіруді қолға алумен шектелмей, кәсібі арқылы халыққа да пайдасын тигізіп отырған шаруашылық иелері өте көп. Солардың



бірі – Нартай Зинуллаұлы.

– Жаңадарияның қауын-қарбыздары ауданның, сонымен қатар қала тұрғындарының көңілінен шығып жататыны қуантарлық жайт. Дәл осындай дәмді әрі мол өнімді алу үшін біз көктем мезгілінен бастап, жер жыртып, дән егіп, суарып дайындаламыз. Содан кейін халыққа тұтынуға дәмді бақша өнімдерін алып келеміз. Менің бұл кәсіп түрімен айналысып жатқаныма көп уақыт болған жоқ, биыл алғаш рет бастадым. Нәтижесін көру үшін үлкен күш, еңбек қажет. Биыл аяқ су аз болып, өнімнің шығуына кішкене кедергі болғаны бар, бірақ қол жайып отыра берсек, істің нәтижесі болмайтыны белгілі ғой. Еңбек етсең, түбінде бәрін жеңіп шығасың. Біз де барынша еңбектеніп, осынша өнімнен үміт күттік, нәтижесінде Жер анамыз ренжітпей мол өнім берді. Күніне жүк көлігіне тиеп алып келеміз, күніне 100-150-ге жуық қауын сатылады. Нәтижесінде күз аяғына дейін 15-20 тоннадай өнімді халыққа ұсынамыз. Бұл еңбектің арқасында тек өзіме ғана емес, халыққа да пайдам тиетініне қуаныштымын, – деді шаруа адамы Нартай Пірманов.

Шаруашылық иелерінің көбісімен сөйлесіп, қауын-қарбыз секілді бақша өнімдері мен олардың күтімі жайында біраз дерекке қанықтық, жалпы бақшаның жайы, оларды халыққа ұсыну мен қиындықтар жайында сұраған болатынбыз. Басты шешімі табылмай тұрған мәселенің бірі ауылдан ат терлетіп қауындарын сатуға келгендердің сату кезінде тұратын жалдамалы орны көңіл көншітпейді екен. Тұтынушыларға қажетті бақша өнімдерін ұсыну үшін жалдап тұрған орындары өздеріне қолайсыз екен. Бірақ басқа орын жоқ, амалсыздан осы жерді жалдап тұруға тура келеді дейді шаруа иелері. Тіпті жалға алған жердің төлейтін ақысы да сол жерге лайықты емес, тым құрығанда жерге су сеуіп, шаң басуға да жұмыс жасалмаған, бақша өнімдерін сататын басқа орын болмағандықтан олар бақша өнімдерін осында сатылымға шығарады. Біз барғанда шаруашылық иелері ең алдымен осындай бір өкпесімен бөліскен болатын.

Десе де өтпей жатқан өнім жоқ, Жаңадарияның қауын-қарбызын аудан орталығындағы ағайын таласып алып жатыр. Дәмі де тіл үйіреді, бағасы да қалтаға қонымды. Бақша баптауды дәстүрге айналдырған Нартай ағамыз келер жылы егіс көлемін ұлғайтып, басқа да өнімдерге басымдық беретінін айтады.

Дала дарабозы

Еңбегі еселі егінші

Алтын күздің нағыз берекелі шағы – егін жинау науқаны. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған Ыбырай Жақаев егінші жастарға «Егінді өсіре білуің – ең алғашқы асуды алуың, ал өнімді ысырапсыз жинап алуың – халыққа тартқан асылың» деп айтқан болатын. 25 жылдан бері дала төсінде тер төгіп, күріштен сырласып, мол өнім жинаудың қыр-сырын білетін кейіпкеріміз Пернебай Қарамендиев әлі де ауданда күріштің күтімін жасап келеді.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Ата-бабаларымыз ертеден таңның атысы, кештің батысына қарамай, алқап басындағы бейнетке ат салысып, егін егіп, суарып, баптап, оны төкпей-шашпай жинап алуға қамданған. Осы жолда өзінің берекелі ісімен танылған, жұмыстың барлық қиын сатыларынан өткен, қызметте ысылған, еңбегі еселенген, күріш саласын толықтай меңгерген маман – «Ақ Бостай» шаруа қожалығының күрішшісі Пернебай Қарамендиев.

25 жылдан бері диқан болған кейіпкеріміз Пернебай Қарамендиев – бүгінде егіннің қыр-сырын жетік білетін күрішші. Ол 1956 жылы Ақсу ауылында дүниеге келген. 1963-1971 жылдары ауылдағы сегіз жылдық мектепті бітіріп, 1971-1973 жылдары №202 мектептен білім алған. 1974-1976 жылдары Германияда әскери борышын өтеп, «Гвардия» медалімен марапатталған. Еңбек жолын ең алғаш 1976 жылдың маусым айында Ақсу совхозында күрішші, механизатор болып бастаған.

Кейіпкеріміздің ауыл шаруашылығына қосқан еңбегі елеусіз емес. Бүгінге дейін бірнеше мәрте ауылдық, аудандық, облыстық «Алтын күз» шараларында марапат төрінен көрініп жүр. «Диқан жерін анасындай сүйеді, жер диқанға баласындай иеді» демекші, алты ай бойы егіс алқабында тер төккен күрішшінің бейнеті мол.

Осындай шаруаның шырайын кіргізіп, өнім алуда рекорд орнатқан Пернебай Қарамендиев 1983 жылы 50 гектар күріш егіп, әр гектардан 70 центнер өнім алып, озат күрішші атанса, 1984 жылы әр гектардан 65 центнер, 1987 жылы әр гектардан 80 центнер өнім алып, ауданның, ауылдың үздігі атанған. 1990 жылы әр гектардан 63 центнер өнім алып, ауыл диқандарының алды болды, 2009 жылы облыста көш бастап, Алматы қаласындағы «Алтын күз» салтанатты шарасына қатысып, жүлделі орынға ие болды.

Кейіпкеріміз қажырлы еңбектің арқасында 2013-2017 жылдары да ауылда үздік атанған, 2019 жылы «Озат бригадир» номинациясына ие болды.

Бала жасынан ауыл шаруасына ерте араласқан ел ағасы – бүгінде егістік алқабында өнімі бітік майталман күрішші. Өз ісіне мығым диқан жерді мәпелеп, алтын дәннің бабын табуда қажырлы еңбек пен үлкен ізденіс қажет екенін айтады.

Күрішші биыл өзінің қарамағындағы 41 гектар жерге Сыр салысының «Лидер» сұрпын сеуіп, гектарынан 80 центнер өнім алуды көздеп отыр.

– Көктем келісімен егіс даласына Сырдың басты дақылын егіп, мәпеледік. Күріш те бала секілді. Қалай баптап өсірсең, солай өнімін береді. «Күріш – суымен ырыс» демекші, күрішті егіп болған соң, суға бастырамыз. Оны егінжайға орақ түскенше уақытылы суарып, күтіммен қараймыз. Күріш дұрыс шығуы үшін дұрыс суара білу керек. Себебі мол өнімге қол жеткізуде судың маңызы зор. Яғни күріштің шығымы берілген суына байланысты болады. Ауа райы да биыл қарасып тұр. Аяқ су былтырғыға қарағанда биыл тапшы болды, десек те шаруашылық жігіттерінің арқасында арнайы насоспен суарып, уақытылы тыңайтқыштарын беріп, күтім жасадық. Ыстық күндері күріштің күтімін күшейтіп, көзіміздің қарашығындай қарадық. Нәтижесінде Жер ана ырыс-несібемізді молынан берді. Оған өздеріңіз көріп тұрған жайқалған егістік дәлел. Өздеріңіз білетіндей «Ақ бостай» шаруа қожалығы жыл сайын мол өнім алып, өңірдің экономикасын арттыруға өз үлесін қосып келеді. Баптай білгенге жер жомарт қой, – дейді дала еңбеккері Пернебай Қарамендиев.

Күз – береке мен мерекенің, ырыс пен несібенің айы. Егінжай мен қырман басында қызу жұмыстың қайнайтын кезі, тау-тау астықтың ел қамбасына құйылар шағы. Еңбек майталмандарының күн-түн демей тіршілік қылатын уақыты. Бір сөзбен айтқанда, бұл – еліміз үшін жауапты да шешуші кезең. Осынау кезеңде күріштен шашау шығармай жинап алып, жауапты науқанға белсенділік таныту – әрбір азаматтың парызы.

Кейіпкеріміз «еңбек етпесең, елге өкпелеме, егін екпесең, жерге өкпелеме» деген тәмсілді үнемі қаперде ұстайды. Таң бозарғаннан егістікке қарай бет алып, тынымсыз еңбек етуден шаршамайтын шаруа адамы, тәжірибелі маман. Арда азаматтың бойындағы қайтпас қайсарлығы мен байсалдылығы, жұмысқа деген құлшынысы жастарға үлгі.

Бастысы, жасы алпыстың асқарынан асса да бейнеттің бел ортасында жүргені қуантты. Ол – тек іскер азамат қана емес, отбасында жары Аманкүл апай екеуі 2 ұл, 3 қыз өсіріп, олардан 12 немере сүйіп отырған үлкен бір әулеттің алтын қазығы. Ауыл шаруашылығы саласын өркендетуде тынбай еңбек еткен еңбек адамы Пернебай Қарамендиев қашанда құрметке лайық. Оның егіс даласындағы елеулі еңбегі кейінгі ұрпаққа үлгі болып қала бермек.

Мерейлі отбасы

ОТБАСЫ – АДАМЗАТ БАЛАСЫНЫҢ АЛҒАШ ТӘРБИЕ АЛАТЫН АСА ҚАЖЕТТІ ӘРІ ҚАСИЕТТІ АЛТЫН БЕСІГІ. ҚАЙ ЗАМАНДА, ҚАЙ ЕЛДЕ БОЛСА ДА ОТБАСЫНЫҢ АДАМЗАТ ҰРПАҒЫНА ЫҚПАЛЫ МЕН ӘСЕРІН ӨМІРДЕГІ БАСҚА ЕШТЕҢЕМЕН САЛЫСТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ. МІНЕ, ҚАЗАҚТЫҢ “ОТАН ОТ БАСЫНАН БАСТАЛАДЫ” ДЕЙТІНІ ДЕ СОНДЫҚТАН. ХАЛЫҚТЫҢ ТУЫП-ӨСКЕН ҮЙІН ҚАРАШАҢЫРАҚ ДЕП ҚАСТЕРЛЕЙТІНІ ДЕ СОНДЫҚТАН.

Отанды қорғау отбасынан басталады

Заман ағымы өзгерген сайын отбасындағы бала тәрбиесін жақсартуда өзіндік қиындықтар тудыруда. Жалпы адамзат өмірінде отбасынан күрделі, отбасынан қымбат ешнәрсе жоқ. Сондықтан ата-ана қандай жұмыс істесін бала тәрбиелеу кезінде ерекше көңіл аударып, баланың өмірге деген махаббатын ашуда белсенділік танытуы тиіс. Себебі шыр етіп өмірге келген күннен бастап, бала үшін ата-анасы өзіндік идеал және олардың махаббаты мен кіршіксіз таза көңілі бала үшін ең маңызды болмақ.

Ел Президенті мемлекет отбасынан басталатынын және біздің қоғамда негізгі отбасылық құндылықтарды нығайтудың маңыздылығы жоғары екенін ерекше атап өткен болатын. Мемлекет басшысының Жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісі отбасы күні болып бекіген еді. Осы орайда аудандағы халыққа қызмет етіп, халық қауіпсіздігін қамтамасыз етуші аудандық полиция бөлімінің аға инспекторы, полиция майоры Ержан Есеналиевтің жұмысымен танысып, отбасында да кейіпкеріміздің асқар тау әке екенін бағамдадық.

Отбасы мерекесі аясында алты бірдей қызды тәрбиелеп отырған Ержан Оспанұлының шаңырағында болып қайттық. Үйге кірген бетте алты қызы жан-жақтан жүгіріп, құшақтай жөнелген қыздарының әкесіне деген сағынышын көріп, әке мен бала арасындағы махаббатты сезінбеске болмады. Атааның, басқа да отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндеттерін таза атқару, бір-бірін құрметтеп сыйлауы, бәрі де осы отбасында көрініс тапқан.

– Мемлекеттің тұғыры отбасынан басталады. Әр балаға тәрбие беру, жылулық сыйлау, махаббатты көрсету де ата-ананың міндетіне жатады. Біздің жұмыс уақыты қиын екені белгілі. Кейде соның әсерінен отбасыға бөлетін уақыт та жетпей жатады. Алайда халқымызда қыз тәрбиесі деген ең маңызды мәселе. Алты бірдей қызым болғандықтан, оларға әке махаббатын көрсетуге, махаббатты сырттан іздетпеуге тырысамын. Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: «Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер» дегені бар. Шынында, отбасы – бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің басқару жүйесі әртүрлі болады. Сол секілді біздің басқару жүйеде бірдей көңіл бөлуге тырысамыз, отбасындағы мәселелерді менікі-сенікі деп бөлмейміз. Алла қосқан жарым мен жұмыста жүргенде жоқтығымды білдірмейді. Осылайша өз кезегімізде жақсы тәрбие беруге тырысамыз, – дейді Ержан Оспанұлы.

Расында бала дүниеге келген уақыттан бастап ата-анасына қарап өседі. Ата-анадан естіп, барлығын үйренеді. Абай Құнанбаев он тоғызыншы қара сөзінде: – «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады. Мұндай сөзді естігенде шайқақтап, шалықтанып не салбырап, салғырттанып естісе, не естіген жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есіпмей не керек? Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзінді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады», – деп атап өтеді.

Расында дүние есігін жаңа ашқан сәби еш нәрсені білмейді, оң-солын танытып, өмірде үлкен жол көрсететін биік тұлға – ата-анасы. Демек бала тәрбиесінде және оның дара тұлға болып қалыптасуында ата-ана мен отбасының маңызы зор. Өнегесі мол отбасы болу перзент үшін ғана емес, ел үшін де ерекше рөл атқарады. «Елін сүйер сеніңіз, өз отбасын сүйе алған» демекші, жанұяда жарасым тауып, ізгілік пен махаббатқа шомылып өскен бала болашақта елдің тірегі бола алады.

Отбасының ұйытқысы анасы, тірегі әкесі, жемісі баласы болған кезде ғана отбасы берік болады. Ал елдің іргетасының берік қалануында осы отбасының қалай қаланғандығының маңызы ерекше. Отбасы – мейірім мен махаббаттың және әр адамның жан тыныштығы мен адамдық ауызбіршіліктің ұштасқан орны. Жарасым тауып, керегесі кең, іргетасы берік болған әр отбасы – мемлекет тыныштығының кепілі екені айдан анық. Бүгінгі кейіпкеріміздің отбасында береке орнауына ата-ана тәрбиесінің, отбасындағы рөлінің сеп болғаны анық.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ

Сенбілік

Тазалыққа тастай талап қажет

ТАЗАЛЫҚТЫ ЖАНЫНА СЕРІК ЕТКЕН АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ КЕШЕГІ СЕНБІДЕ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАРТУ, КӨРКЕЙТУ ЖӘНЕ КӨГАЛДАНДЫРУДЫҢ ЕКІ АЙЛЫҒЫНА СӘЙКЕС СЕНБІЛІК ШАРАСЫНА БЕЛСЕНЕ АРАЛАСТЫ. АУДАН КӨЛЕМІНДЕ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ҚЫЗУ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНА БАРЛЫҚ МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ БІР КІСІДЕЙ АТСАЛЫСЫП, ӘРБІР ҰЖЫМ БӨЛІНГЕН АУМАҚТАРДА, КӨШЕЛЕРДЕ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗДІ. СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЛАНЫҢ КІРЕБЕРІС АЙМАҒЫН, ОРТАЛЫҚ КӨШЕЛЕР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ АЙНАЛАСЫН ТОЛЫҚ ҚАМТЫҒАН ТАЗАЛЫҚ ЖАНАШЫРЛАРЫ ҚОҚЫС ҚАЛДЫҚТАРЫН ШЫҒАРЫП, ОРТАҚ МЕКЕННІҢ КӨРКЕЮІНЕ ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОСТЫ.

Тазалық – адамның рухани, мәдени жетілу деңгейінің, кісілігі мен тәрбиесінің көзге көрінетін маңызды көрсеткіші. Тазалық – адамның денсаулығы, өң-түсінің сүйкімділігі, өмір жасының ұзақтығы, тұла бойының сәнділігі, өз қадыр-қасиетін бағалауы, айналасына тартымдылығы деген сөз. Халқымыздың «Сен баланы тазалыққа, әдептілікке тәрбиелеймін деп әуре болма, бала бәрібір саған ұқсайтын болады. Сен одан да өзіңді тәрбиеле. Ұлқызың саған қарап өседі, бой түзейді» деген асыл сөзі бар. Расында бала ол міндетті түрде ата-анаға қарап, еліктеп өседі. Әрбір ата-ана ұл-қыздарының өздеріне қарап тәрбие алатынын естен шығармағаны жөн. Кез келген адам тазалықты өз бойынан көрініс табатындай етсе, өзін таза ұстай білсе, өзге адамдарға да сол тазалығын көрсете алатыны сөзсіз.

Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау, табиғатты таза ұстау, оның көрініс беруіне үлес қосу әрбір азаматтың борышы десек те болады. Қазақ халқы бірінші байлық денсаулық деп денсаулықты күтуге қатты көңіл бөлгені белгілі. Міне, сол денсаулықтың мықты болуы да тазалыққа қатысты екенін «тазалық – денсаулық кепілі» деген бір ауыз сөзбен көрсеткен. Деннің саулығы әр адам үшін қалай маңызды болса, тазалық та дәл сондай маңыздылыққа ие болу керек. Иманыңның жартысы болған тазалықты сақтау өз ауланнан, өзіннен басталады. Ауладағы қоқыстарды шығару, қоқысты көшеге тастамау, керек емес шөптерден ауланы тазарту сынды жеңіл жұмыстардың өзі ең алдымен табиғатқа, кейін ауданның көркеюіне қосқан бір үлес. Көшедегі бейберекет жататын қоқыстар сіз бен біздің денсаулығымызға қаншалықты кері әсерін тигізіп жатқанын көп жағдайда байқай бермейміз. Сондықтан айналамызды тазартып, абаттандырумен айналысқан абзал.

– Қай кезде болсын ең бірінші өз ортаңа тазалықпен қарау адамдықтың басты қасиеті екені белгілі. Туған жердің тазалығы баршамызға ортақ екенін ұмытпайық. Жалпы өзің тұрып жатқан жердің тазалығына үлес қосу – туған жерге деген қамқорлықтың бір белгісі. Сенбілікке мекеме қызметкерлерімен бір кісідей атсалысып, Темірбек Жүргенов атындағы көшеде тазалық жұмыстарын жүргіздік. Сенбіліктер тұрғындардың қоршаған ортаны таза ұстауға, экологиялық мәдениет қалыптастыруға және ауданның санитарлық жағдайын жақсартуға оң әсерін тигізуде. Ауданымыздың көркеюіне бірге атсалысайық, – дейді аудан тұрғыны Еркебұлан Жұмабек.

Аудан көлемінде жүргізіліп жатқан қызу тазалық жұмыстарына барлық мекеме қызметкерлері бір кісідей атсалысты. Әрбір ұжым, мекеме қызметкерлері өздеріне бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді. Сенбілік жұмыстарына кент және ауылдық округтер белсенділік танытты. Сол күні талдарды әктеу, жаяу жүргіншілер жолдары, саябақтардың іші мен мекемелердің айналасы қоқыстан арылды. Сенбілік барысында тазалық жұмыстарымен аудан әкімі Асқарбек Есжанов танысты және аймақтар бойынша жауаптылар тазалықпен қатар көше тұрғындарына, жалпы халыққа тұрғын үй маңында көркейту-көгалдандыру, санитарлық тазалықты сақтау керек екенін, туған жердің таза болуын тек сенбі күні ғана емес, үздіксіз бақылап, тазалық сақтаудағы мәдениеттілікті арттыру қажеттігін атап өтті.

Расында ауданның көркеюі мен тазалығында дәл осындай сенбіліктердің алатын орны ерекше. Сенбіліктер арқылы көшеде өсіп тұрған тал діңгегі әктеліп, артық шөптерден тазартып, тазалық сақтауға бір адамдай барлық аудан тұрғыны ат салысуының арқасында ауданымыз таза қалпын сақтауда. Бұл шара арқылы тұрғындардың табиғатқа деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыруға және көшелердегі тазалықты сақтау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелеріне қоғам назарын аудартуға, санитарлық жағдайын жақсартуға болады.

Табиғат – ол біздің ортақ байлығымыз. Табиғаттың таза болуы, оның әдемі көрініске енуі біздің әрқайсымыздың үйіміздан, көшемізден басталады. Сондықтан әр қайсысымыз бір адамдай аудан тазалығын сақтауға үлес қосайық.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Маман мерейі

Жаңашыл жас ұстаз

Кез келген халықтың ғасырлар бойы қордаланған мәдениетінің асқар шыңы сол халықтың тілі екені баршамызға мәлім. Ана тіліміз – біздің ең басты байлығымыз. Қазақ ұлтының ана тілі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Ол – ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға жеткен ұлы мәдени мұра. Қай саланы алып қарасаңыз да, тіл – қарым-қатынас құралы, өткен мен бүгінді жалғастырушы. Қазақ тілі бабалар аманатының арқасында бүгінгі күнге жетті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті әрі құдыретті.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту әлі де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Осы орайда Абай күні қарсаңында облыстық қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен мемлекеттік тілді жетік меңгерген этнос өкілдері арасында «Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы» атты облыстық байқау өткізілді. Байқаудың мақсаты – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тіл ретіндегі рөлін күшейту, мемлекеттік тілді меңгерген қоғамдық белсенді азаматтарды ынталандыру.

Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мақсатында ұйымдастырылған бұл байқауға Қызылорда қаласы мен аудандарда түрлі салада қызмет атқарып жүрген этнос өкілдері қатысты. Қатысушыларға басқарма басшысы А.Есмаханов сәттілік тілеп, оларға Абай күні мерекесі қарсаңында «Абайдың қара сөздері» жинағын тарту етті. Қатысушылар өз өнерін көрсетуден, мақал-мәтелдер айтудан, берілген тақырыпта ой толғаудан, сондай-ақ қойылған сұрақтарға жауап беру бойынша сынға түсті.

Байқауға қатысушылардың өнерін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Аман Абасилов басқарған қазылар алқасы бағалады. Аталған байқауға ауданның сенімін арқалап, аудандық кітапхананың тұрақты оқырманы, Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің орыс тілі пәні мұғалімі Рузанна Шамилова қатысып, жүлделі II орынды иеленді.

Рузанна 2001 жылы дүниеге келіп, №31 мектептің түлегі атанған. Ол 2022 жылы Ахмат Абдулхамидұлы Қадыров атындағы шешен мемлекеттік университетінде филология факультеті бойынша білім алған.

Байқау қорытындысымен жүлделі I орынға ие болған облыстық ассамблея жанындағы «Мәміле» клубының жетекшісі Е.Пак Петропавл қаласында өтетін байқаудың республикалық кезеңіне қатысып, облыс намысын қорғады.

Сайыс соңында қатысушылар мемлекеттік тілдің беделі мен мәртебесі және қазақ халқының мәдени-рухани мұрасы мен тарихы жайында орамды ойларын ортаға салып, пікір алмасты.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Қоймаларда көмір қоры жеткілікті

Өткен аптада Жалағаш ауданы тұрғындарын қатты отынмен қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімі Асқарбек Есжанов бірқатар қоймаларды аралады.

Қазіргі таңда аудан орталығындағы «Әжібеков» ЖК-ның көмір қоймасына 10 вагон, яғни 700 тонна шұбаркөл және 2 вагон, яғни 140 тонна қаражыра қатты отыны жеткізілді. Одан бөлек автокөлікпен 920 тонна шұбаркөл көмірі келген. Бүгінге дейін «Әжібеков» ЖК-ның көмір қоймасына 870 тонна көмір қоры бар. Шұбаркөл көмірінің тоннасы 22 000 теңгеден, қаражыра көмірінің тоннасы 21 000 теңгеден сатылуда.

Сондай-ақ «Қырмызы» ЖК-ның көмір қоймасына 18 камаз, яғни 710 тонна шұбаркөл көмірі жеткізілген. Бүгінгі күнге дейін қоймада 310 тонна көмір қоры бар. Көмірдің тоннасы 22 500 теңгеден сатылуда.

Алдағы уақытта да тұрақты түрде қатты отын қоймаларға жеткізіліп тұрады. Аудан тұрғындарын көмірмен қамтамасыз ету мәселесі аудан басшысының бақылауында.

«ЖЖ» ақпарат

Рысбай Кәрімов – 80 жыл

Гибратты ғұмыр иесі

Бұл күндері ақсақалдықтың асуынан асып, сегізінші ондыққа аяқ басқан, кешегі ер етікпен су кешіп, ат ауыздықпен су ішкен сұрапыл соғыстың алғашқы жылдары дүниеге келген Рысбай Кәрімұлы жайлы жазатын да, айтатын да естелік баршылық. Табиғатынан барға қанағат тұтып, ақадал еңбегімен тіршілік жасауды, сол еңбегінің бейнеті мен зейнетін көруді мақсат еткен бұл азамат туралы көсіліп жазуға да болады.

Оның өмірі – кешегі миллиондаған «соғыс баласының» басынан кешкен өмірі. Соғыс жылдары мен одан кейінгі ауыр жылдар. Олар тойып тамақ ішпеді, ашқұрсақ жүрді, жөнді киім кимей жұтаң заманның тауқыметін көріп өсті.

Ол 1943 жылдың қыркүйек айында Сталинград майданындағы қанды шайқаста жатқан Кәрімнің отбасында, Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген еді. Майданнан шалажансар соғыс мүгедегі болып оралған әкесі колхоздың қара жұмысында еңбекақысына соқыр тиын да алмай, халық шаруашылығын қалпына келтіру науқанында «озаттар» қатарында еңбек етіп, баласын еңбекке бауылып өсірді.

1960 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін сол кездегі үкіметтің басшысы Н.Хрущевтың өндірісте екі жыл жұмыс істеу тапсырмасына байланысты Калинин колхозында колхозшы, Аудандық тұтынушылар одағында, №150 кәсіптік техникалық училищеде жүргізуші болып еңбек жолын бастаған. 1962-1965 жылдары Литва ССР Каунас қаласында Стратегиялық мақсаттағы Ракета әскері құрамында қызмет атқарған.

Бұл Кеңес одағы қарулы күштерінің айбыны болған, жаппай қырып-жоятын ядролық қондырғылармен жабдықталған, қашықтағы қарсыластарын 40-45 минутта жоқ қылатын қару болатын. Сол қаруды алғашқылардың бірі болып игеріп, Кариб теңізі, Куба дағдарысы, Кеңес-АҚШ текетіресі кезінде жауынгерлік сапта болған қазақтың қаршадай баласы Балтық жағалауындағы ормандарда әскери тапсырмалармен мұхиттарды шарлаған бірінші сыныптағы ракетші маманы, екінші сыныптағы жүргізуші, Кеңес қарулы күштерінің озаты болған еді. Ал Кубадан мемлекеттік тапсырмаларды орындап қайтқан ядролық ракеталарды Астрахан даласында, Капустен Яр атом сынақ полигонында, Нарын құмдарында жойып, залалсыздандыру, оның радиациялық сәулелерін өздерінің ағзасына сынау тәжірибелерін жүргізуі, оның зардаптарынан бүгінге дейін арыла алмай жүргені өз алдына әңгіме.

Осындай Отан алдындағы еңбегі бағаланып, КПСС мүшелік кандидаттығына қабылданып, елге оралған. 1965-1970 жылдары Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың «Жаратылыстану» факультетіне түсіп, химия-биология пәнінің оқытушысы маманын алған. 1970-1972 жылдары ауданның №118 мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарған. 1973-1976 жылдары Калинин, Таң кеңшарлары қарайтын Карл Маркс ауылдық кеңесінің хатшысы, 1976-1980 жылдары Калинин кеңшарында өндіріс бригадирі, агроном болып еңбек еткен. Ағарту, өндіріс саласында және қоғамдық жұмыстардағы атқарған еңбегі еленіп, 1981-1984 жылдары Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінде нұсқаушы қызметін атқарған. Партиялық саяси ұйымдастыру жұмысындағы қабілеті бағаланып, 1984 жылы Аққұм кеңшары Партия комитетінің хатшылық қызметіне жіберіледі.

Ол өзінің іскерлік қабілетін аудандағы іргелі шаруашылықтың өсіп өркендеу кезінде көрсете білді. Облыста «Күріштің Қостанайы» аталған Жалағаш ауданы, оның Аққұм кеңшарының сол жылдары түсімі жағынан жоғары көрсеткіші болған еді. Кеңшар мал өнімдерін өндіруде ауданда алдыңғы қатарда болған. Еңбекшілердің күнкөріс деңгейі артып, қосымша ақы алуға қолы жеткен болатын. Өндірістік, мәдени ошақтар бой көтеріп, тұрғын үйлер көптеп шаруашылық есебінен салынып, халықтың әл-ауқаты жақсара түскен еді.

Ол өндірістен қол үзбей жүріп, Қазақтың Ауыл шаруашылық институтын бітіріп, ғалым-агроном мамандығын алды. Аудан басшылары оның педагогикалық және ауыл шаруашылық маманы екенін ескеріп, 1986 жылы аудандағы аға оқу орны, шаруашылықтарға орта біліммен қоса кең көлемде механизатор мамандығын дайындайтын №15 кәсіптік техникалық училищесінің директорлығына жібереді.

Ол бұл қызметті 1998 жылдың ортасына дейін атқарды. Осы жылдар ішінде оқу орнының материалдық-техникалық базасы нығайып, 120 орындық типтік жобадағы асхана, кешенді спорт залы, акты залы салынып, пайдалануға берілді. 150 орындық жатақхана күрделі жөндеуден өтіп, оқушылардың екінші үйіне айналды. Техникалық күтім жасау бекеті, жабық техникалық тұрақтар, жөндеу шеберханалары, бірнеше зертханалар іске қосылды. Бас оқу ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, оқу кабинеттері техникалық жабдықтармен жарақтандырылды. Лингафон кабинеті, алғашқы компьютерлік кабинеттері жұмыс жасай бастады. Бұның өзі оқудың теориялық сапасы жақсарып, практикалық жұмыстармен ұштастырып отырды.

Бұрын оқу орны ұзақ жылдар бойы тек қана механизатор мамандарын даярласа, үлкен ізденістің нәтижесінде өндіріске, ауыл шаруашылығына ауадай қажет электр-газбен дәнекерлеуші, электромонтер, құрылысшы, тас қалаушы, село электригі, аспазшы мамандары дайындалатын болды. Сондай-ақ жоғары санаттағы механизатор жүргізушілер даярланып оқытыла бастады.

Оқу орны сол кездерден бастап қазіргі нарықтық жағдайға байланысты өмірге қажетті мамандықты дайындауды қолға алған болатын. Қазір нарықтық экономика жағдайында бұл курстар толыққанды жұмыс жасап келеді. Ал бұл атқарған жұмыстар жазуға оңай болғанымен ұзақ жылдар бойы төккен тердің, ізденіспен жүргізген жұмыстардың нәтижесі еді. Училищеде күріш, бақша, көкөніс дақылдарын егу, оқу орнын қажетті азықпен қамтамасыз етуде табысты жұмыстар атқарылған. Оқу шаруашылығының жылдық табысы сол жылдары қазіргі ақшамен есептегенде 800 мыңнан 1 миллион теңгеге дейін жетіп тұрған.

Негізі сол кезден қалыптасқан қазіргі бұл оқу орны лицейге айналып, жақсы жұмыстарды жалғастыруда. Осындай оқу орнының үлгерімге және табысқа жетуде, оның техникалық базасының нығаюына ерекше еңбек сіңірген оқу орнының басшысы Рысбай Кәрімұлының өзіндік еңбегінің бар екенін айтуға тиістіміз.

1998-1999 жылдары Жалағаш ауданы әкімдігінде бөлім бастығы, 1999-2000 жылдары аудандық жер инспекторы, аудандық ауыл шаруашылық бөлімінде бас агроном болып еңбек еткен жылдары жаңа заман талабына сай мемлекеттік иеліктегі жерлерді жекелендіру, оны халыққа пай үлесіне беру, суармалы жерлерді тиімді пайдалану, оны егесіздікке ұшыратпау сияқты жұмыстарға ол басшылық жасай білді. Суармалы ауыспалы егіс жүйесін қайтадан инвентаризациялау сияқты мемлекеттік жұмыстарды заман талабына сай ол маман ретінде жүргізе білді.

Атпал азамат 2000-2005 жылдары Бұқарбай батыр ауыл әкімі қызметіне жіберіледі. Бұл уақыт өтпелі кезең деп аталатын қиын жылдар еді. Ауылдағы жұмыссыздық, жарық пен жанармайдың тапшылығы, елді асыраушы егін шаруашлығына кері әсерін тигізген кезде ол ауыл әкімі ретінде халықты тәзімділікке, шыдамдылыққа шақырып, жоқтан бар жасап, жұмыс істеуге тура келген уақыт болатын.

Ол өзінің іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетімен халықты болашаққа деген сенімін арттырып, өтпелі кезеңдердің қиындықтарын жеңе білді. 2000-2002 жылдары елді мекендерді көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық сақтау, ауылды кешенді дамытудағы еңбегі бағаланып, облыс әкімінің екінші дәрежелі дипломымен ауыл округ марапатталған еді.

Оның бұл атқарған еңбектері елеусіз қалған жоқ. 2001 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хаты, бірнеше рет аудан әкімдерінің алғыс хаты мен облыстық ардагерлер кеңесінің алғыс хаты, Семей-Невада қозғалысының төрағасы Олжас Сүлейменовтің алғыс хаты мен Ұлы Жеңістің қарсаңында «Социалисттік Отанының қарулы күштерінде үздік қызмет атқарғаны үшін» Ресей Федерациясы Думасының мерекелік және Стратегиялық мақсаттағы ракета әскеріне 50 жыл, Қызылорда облысының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін «Қызылорда облысына 70 жыл», «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл» мерекелік медалдарымен марапатталған.

Жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында Кеңес одағының батыры, әскери қолбасшы, халық жазушысы Бауыржан Момышұлының соғыстағы ерліктері мен бейбіт өмірдегі жазушылық еңбектерін және оның қанды көйлек қаруласы, сүйікті батыр политругі, рота командирі Жолмұханбед Бозжановтың қысқа ғұмырындағы ерліктерін зерттеп, Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесі қарсаңында «Ағайынды Бозжановтар» деген кітап жазып, оқырмандарға ұсынды.

Рысбай Кәрімұлының нағыз ерлігі деуге болады, Б.Момышұлының туғанына 100 жыл толу мерейтойына арналған «Қызыл Жұлдыз» төсбелгісі мен Қазақстан ардагерлері ауған соғысы қауымдастығының Бауыржан Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалімен, И.В.Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық дивизиясының ардагерлер кеңесінің төрағасы, полковник Г.М.Визиряктың, Қазақстан соғыс ардагерлер ұйымының қауымдастық төрағасы, халық қаһарманы, генерал-лейтенант Б.Ертаев осы қауымдастықтың штаб бастығы, гвардия полковнигі Ж.Ерғалимовтың «Құрмет» грамотасымен марапатталған. Ел тарихы, ел тәуелсіздігі, ел басқарған халықтың қалауы болған тұлғалар жайлы, жастар тәрбиесі, бүгінгі күннің өзекті мәселелері жайлы мақалалары республикалық, облыстық, аудандық баспасөздерде жарияланып тұрған. Қазақстан Журналисттер одағының мүшесі, «Сыр ардагері» газетінің 2009 жылдың үздік журналшысы атанған.

Стратегиялық мақсаттағы ракета әскері құрамында қызмет атқарған Капустен Яр атом сынақ полигонында ядролық қарулар мен жабдықталған ракеталарды сынау, залалсыздандырып жою, Жаңа Жер аралындағы ядролық полигонда ату, сынақ жаттығу жұмыстарына және рентген сәулелерінің адам ағзасына тигізетін әсерін сынақтан өткізу жұмыстарына қатысқан «Атом солдаты».

Қысқаша айтқанда, бұл қасіреттен аман қалып, оның зардабын көріп, денсаулығынан айырылып, әскери мүгедек болып қатарлары сиреген азаматтардан қалған арамызда жүрген жан. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі №2247 қаулысына сәйкес «1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС әскери, азаматтық нысандарды радиациялық апаттардан құтқару және ядролық сынақ мақсатында әскери жаттығуларға қатысқандар Ұлы Отан соғысына қатысқандарға теңестіріледі» деген заңына байланысты осы санатқа жатады. Осындай аждақардың ажалынан қалған Рысбай Кәрімұлы саналы ғұмырын бейбіт еңбекке арнап, қызметтің үлкен-кішісіне қарамай, оқу ағарту, шаруашылық, Кеңес партия, әкімшілік жұмыстарды үлкен жауапкершілікпен атқарып, сенімнен шыға білген. 1973-1994 жылдары арасында ауылдық, кенттік, аудандық кеңестердің депутаттығына, бірнеше рет Кеңес партия сайланбалы орындарына сайланып, халықтың сенімінен шыға білген.

Рысбай Кәрімұлының есте қалатын оқиғаларының бірі 2003 жылдың 13 сәуірінде Бұқарбай батыр ауылы әкімінің қызметінде жүргенінде Президенттің Қызылорда облысына іс-сапарымен келгенде Қалжан Ахун ауылында, облыстың іс басында жүрген азаматтарымен ауыл тұрғындарымен кездесуінде, Президентпен кездесіп, сұхбаттасып, өтпелі кезеңдегі ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі, сол бір жылдардағы Елбасы қабылдаған «Мәдениет», «Денсаулық» жылдарының қалай өткені және 2003-2005 жылдардағы «Ауыл жылы» бағдарламасын жүзеге асырудағы ауылда атқарылып жатқан жұмыстарды Президентке баяндауы, осы сәттерден алған көңіл-күйлері өз алдына әңгіме.

Бұл туралы ол өзінің «Сәті түскен сұбхат» атты мақаласынан алған әсері жайлы республикалық, облыстық, аудандық баспасөз беттерінде жариялаған болатын. Зейнетке шыққаннан кейін қарап отырмай қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, тәрбиелік мәні бар және бүгінгі күннің өзекті мәселелері жайлы естеліктер жазуды қолға алып келеді. Рысбай Кәрімұлы – «Ерлер есімі – ел есінде», «Жылдар, адамдар, тағдырлар», «Ағайынды Бозжановтар» кітаптарының авторы. Жетпістің асуынан асса да Р.Кәрімұлы әлі тың, ойы жинақты, әлі де қоғамына берері, жазатын дүниесі мол азамат.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

«Сот кабинеті» мүмкіндікті молайтады

Казіргі кезде қағаз құжат айналымын азайту және электрондық құжат айналымын пайдалану мүмкіндігін көбейту мақсатында сот органдары өзге мемлекеттік органдармен Электрондық Құжат Айналымының Жалпы Бірыңғай Жүйесі арқылы өзара іс-қимыл жасайды. Қазіргі елдің барлық соттарына «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі, «Электронды шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танысу» сервисі, «SMS-хабарлама» сервисі, «Талдау» форумы, сот органдарымен байланысу CALL-орталығы, сенім телефоны, дыбыс-бейне жазатын құрылғылар, бейнеконференция арқылы сот төрелігін жүзеге асыру секілді жаңа ақпараттық технологиялар қызметін енгізіп, сұранысқа сай қызмет етуде.

Оның ішінде «Сот кабинеті» электрондық жүйесін қолданушылар саны артып келеді және «Сот кабинеті» арқылы талап-арыздарды беру, сот отырысының хаттамасына ескерту келтіру, өтініш, арыз-шағым және электрондық түрдегі өтінімдерді әзірлеу және беру, мемлекеттік алымдарды онлайн төлеу, деректерді сақтау мен біріктірудің қауіпсіздігі секілді әрекеттерді жүзеге асыруға болады.

Жалағаш аудандық сотына 2023 жылдың 8 айында 350 талап-арыз тіркеліп, оның барлығы 100 пайыз «Сот кабинеті» сервисі арқылы электронды түсіп, тіркеліп қаралуда. Бұл сот кабинетінің қолданушылар саны артқанын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Куәландыру Орталығының электрондық цифрлық қолтаңбасы бар республиканың кез келген азаматына үйден шықпай-ақ «Сот кабинеті» электрондық жүйесі арқылы елдің кез келген сотына талап-арыз беріп, оның қаралу динамикасын бақылап отыруға мүмкіндік береді. Міне, бүгінде аталған сервис 50-ден астам электронды қызмет көрсету мүмкіндігіне ие.

Осы қызметтердің ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, бюрократтық кедергілерді жоюға, соттардың ашықтығының бірден-бір дәлелі болып танылатын сот отырыстарын дыбыс-бейне жазба құралдарымен түсіріп алу жүйесі қарқынды қызмет көрсетуде. Халық үшін тиімділік танытқан әрі сот отырысының хаттамаларын алмастыра білген осы жүйе – қолайлы сервистердің бірі.

Д.ШАДАЕВ,
аудандық соттың бас маманы

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, 2023 жылдың III тоқсанында Жалағаш ауданының және кент, ауылдық округі әкімдерінің халықпен кездесулерінің кестесі

№	Кент, ауылдық округ атауы	Өткізілетін күні, уақыты	Өткізілетін орны
1	Жаңадария ауылдық округі	27.09.2023 сағ:09.00	№203 орта мектеп
2	Аламесек ауылдық округі	27.09.2023 сағ:10.00	Ауылдық мәдениет үйі
3	Еңбек ауылдық округі	27.09.2023 сағ:11.00	Ауылдық мәдениет үйі
4	Аққұм ауылдық округі	27.09.2023 сағ:12.00	Ауылдық клуб
5	Қаракеткен ауылдық округі	27.09.2023 сағ:15.00	Ауылдық клуб
6	М.Шәменов ауылдық округі	27.09.2023 сағ:16.00	Ауылдық мәдениет үйі
7	Бұқарбай батыр ауылдық округі	27.09.2023 сағ:17.00	Ауылдық мәдениет үйі
8	Таң ауылдық округі	27.09.2023 сағ:18.00	Ауылдық мәдениет үйі
9	Аққыр ауылдық округі	28.09.2023 сағ:09.00	№188 орта мектеп
10	Жаңаталап ауылдық округі	28.09.2023 сағ:10.00	№119 орта мектеп
11	Мақпалкөл ауылдық округі	28.09.2023 сағ:11.00	№ 117 орта мектеп
12	Мәдениет ауылдық округі	28.09.2023 сағ:12.00	Ауылдық клуб
13	Мырзабай ахун ауылдық округі	28.09.2023 сағ:15.00	№122 орта мектеп
14	Ақсу ауылдық округі	28.09.2023 сағ:16.00	№116 орта мектеп
15	Жалағаш кенті	28.09.2023 сағ:18.00	«Руханият» орталығы

Хабарлама

Жалағаш кенті бойынша жергілікті қоғамдастық жиналыс өкілдеріне!

Жалағаш кенті бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізілетіндігін Жалағаш кенті әкімінің аппараты хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. Жалағаш кенті әкімі аппаратының теңгеріміндегі мүлікті сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру туралы.
2. Жалағаш кентіндегі көшелерге атау беру туралы ұсыныстарды қарау.

Жиналыстың өтетін күні, уақыты және орны: 22.09.2023 жыл, сағат 10.00-де, Жалағаш кенті әкімі аппаратының кеңсе ғимараты.

Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесі еңбек және тыл ардагері, ауданның Құрметті азаматы

Бекзада Жүсіпәліқызының

ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, ағайын, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Несие алуды шектейтін қызмет

Енді eGov mobile мобильді қосымшасында және eGov.kz порталында несие алудан ерікті түрде бас тартуға өтініш беруге болады. Яғни әрбір қазақстандық өз еркімен несие мен микроқарыз рәсімдеуге тыйым сала алады.

Қызметке азаматтың тек өзінің өтініш беруге мүмкіндігі бар. Несие мен микроқарызды рәсімдеуге тыйым салу 6 айға белгіленеді және мерзімі өткеннен кейін автоматты түрде алынып тасталады.

Сондай-ақ бұл шектеулерді кез келген уақытта алып тастауға болады. Ол үшін банктік қарыздарды алудан ерікті түрде бас тарту қызметін мерзімінен бұрын тоқтатуға өтінім беру қажет.

«Бұл функция ең алдымен адамдардың қауіпсіздігі үшін іске қосылды. Біз осы арқылы ел азаматтарын қарызды заңсыз рәсімдеуге тырысатын алаяқтардан қорғап, көмектескіміз келеді» деп жазды Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин өзінің Facebook-тегі жеке парақшасына.

Айта кетейік, дәл осындай сервис Бірінші несие бюросының сайтында ақылы негізде қолжетімді. Электронды үкімет порталында өтінім берген кезде кредиттерді алудан ерікті түрде бас тарту тегін жүзеге асырылады.

«Біз Бірінші несие бюросы мен Электронды үкіметтің жүйелерін біріктірдік. Яғни бұрын азаматтарымыз бюро арқылы өтініш беретін болса, енді несиеден бас тартуды eGov.kz аясында рәсімдей алады. Қазір бұл функция қолжетімді» деп нақтылады министр.

Қарыз алудан ерікті түрде бас тарту сервисі eGov.kz mobile мобильді қосымшасының басты бетінде «Танымал қызметтер» бөлімінде қолжетімді. Осыған ұқсас қызметті eGov.kz порталындағы «Азаматтарға» – «Кеден және салықтар» – «Экономика және қаржы» бөлімінен алуға болады.

– Бұл сервис жеке тұлғаның банктік қарыздар мен микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуды жою құқығын бекітуді және қарыз алушының кредиттік тарихында несие алудан ерікті түрде бас тарту туралы ақпарат болған кезде жеке тұлғаға несие беруге банктер мен микроқаржы ұйымдары үшін тыйым салуды көздейтін заңнамалық актілерге әзірленген түзетулер шеңберінде іске асырылғанын атап өткім келеді. Сервиске Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің, Бірінші несие бюроның және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы ақпараттық жүйелерінің интеграциясы нәтижесінде қол жеткіздік, – деді министр.

«ЖЖ» ақпарат

Еуро – 2024

Жанкүйерлер күткен жеңіс

Жексенбіде ойын баласынан еңкейген қарияға дейін теледидарға телмірді. Себебі футболдан Еуро – 2024 чемпионатының іріктеу турнирі аясында Ұлттық құрама Астана төрінде Солтүстік Ирландиялық әріптестерін қабылдады. Ең бастысы, бұл ойында қарқын бар, Қазақстан құрамасының алғаш рет Кәріқұрлық біріншілігінің топтық плей-офф кезеңіне өтуге мүмкіндігі бар. Құрама алдыңғы ойында Финляндияға есе жіберіп, топта 4 орынға тұрақтаған болатын. Сондықтан Ұлттық құрама алдында Солтүстік Ирландияны жеңіп, 3 ұпайды иелену мақсаты тұрды.

Қазақстан құрамасының бас бапкері Магомед Адиев ойын алдындағы баспасөз мәслихатында команданың Солтүстік Ирландияға қарсы ойынға дайындығы туралы айтқан болатын.

– Өзгерістер болады. Соңғы ойынға дайындала отырып, Солтүстік Ирландияға қарсы өзгерістер болатынын түсіндік. Әр ойында түзетулер енгізіледі. Олардың командасы құрамы жағынан үлкен мәселелерді бастан кешіруде. Мен әріптесімді қолдағым келеді. Бізде өз мәселелеріміз бар, біз соңғы ойында жеңіліп қалдық, енді өз қалпымызға оралуымыз керек. Олардың басқа схемаға көшкенін білеміз. Белгілі бір тактикалық дайындық бар, біз табысқа жетеміз деп үміттенемін. Барлық жеңіліс ауыр. Финляндиядан жеңілгенімізге көніліміз толмай отыр. Бұл футболдың бір бөлігі, біз бәріміз жеңісті жақсы қабылдаймыз, бірақ жеңілістерді абыроймен көтере алатындар аз. Менің ойымша, біздің қолымыздан бұл келді. Әрине сырт алаңда жеңіске жеткенімізге қуаныштымын. Бұл қазірдің өзінде тарих, бірақ біз Солтүстік Ирландиямен сырт алаңдағы ойынның бөліктерін алған да жоқпыз, – деді өзіне сенімді Магомед Адиев.

Ұлттық құраманың шабуылшысы Абат Айымбетов алдағы ойында жеңіске жету үшін бар күшін салуға уәде берді.

– Көңіл-күй жақсы. Ертең жақсы ойын көрсетіп, жеңіске жетуге тырысамыз. Ойынға дайынбыз. Қазақ халқымыз күтіп отырғанда, әр футболшымыз жүрегімен ойнаса, елімізді әлі талай қуантамыз деп ойлаймын, – деп ағынан жарылды Абат Айымбетов.

Ойын алдында жаттықтырушы мен ойыншының өздеріне деген асқан сенімділігін көрген жанкүйерлер ұлттық құрамадан тек жеңіс күтетіні белгілі. Әрине спорт болғанымен елдің намысы мен абыройы сынға түскен сәтті қазақ футболшылары терең түсінгендей. Өйткені спортшыларымыз ойынның алғашқы секундтарында-ақ 30 мың орындық толы аренаның, оған қоса осы ойынға арнайы келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен атақты боксшы Геннадий Головкиннің қолдауын жақсы сезінді.

Көптен күткен ойын басталды. Алғашқы секундтан бастап ұлттық құраманың жеңіске деген ұмтылысы айқын байқалып тұрды. Дереу допқа иелік етіп, қонақтардың қақпасын торуылдаумен болды. Алаң иелері ойынның 19-шы минутынан бастап ойын өрнегін біртіндеп өрістетіп, өз артықшылықтарын анық көрсете бастады. Ирландиялықтардың қақпасына қарай алғашқы допты Бақтияр Зайнутдинов соқты, бірақ ол мұлт кетті. Есеп ашылмады. Жанкүйерлер голдан үмітті. Келесі минуттарда нақтырақ айтсақ, ойынның 27-ші минутында «Ақтөбенің» форварды Максим Самородов көзге түсе білді, ол осы ойынның бірінші голын соғып, Қазақстан құрамасын алға шығарды.

Голдан кейін есепті өзгертетін сәттер Солтүстік Ирландия құрамасында да болды. Қорғаныста жүрген гол авторы көзді ашып-жұмғанша сары қағаз алып та үлгерді. Себебі төрешінің пайымдауынша, симуляция жасаған. Бірақ 42-ші минутта Самородов пен Әліп қақпаны голдан қорғап қалды. Ең бастысы, қазақстандық ойыншылар ирландиялықтарға есепті теңестіруге мүмкіндік бермеді. Осылайша 1:0 есебімен командалар үзіліске кетті.

Жанкүйерлер екінші тайм тартысты болады деп күтті. Әрине есеп жіберген қонақ команданың ойын өрнегін күшейтетіні белгілі. Осылайша екінші тайм да басталып кетті. Екінші таймның басында-ақ қарсыластарымыз таразы басын теңестіре жаздады, бірақ қарсылас Игорь Шацкийдің қақпасынан саңылау таппады. Өкініштісі, ойын ортасында гол авторы Максим Самородов жарақат алып қалды. Оның орнына Исламбек Қуат алаңға шықты. Ойынның екінші жартысында екі тарап та барын салды, қызықты әрі қауіпті сәттер көп болды, бірақ командалардың ешқайсысы нәтижелі шабуыл көрсете алмады. Футбол жанкүйерлері осындай сапалы ойын өрнегін ортаға салған қос командаға алғыс білдіріп, риза болды. Осылайша Магомед Адиевтің шәкірттері 1:0 қорытынды есеппен, яғни жеңіспен ойынды аяқтады.

Иә, маңызды жеңіске бүкіл ел болып қуандық, сондай-ақ ұлттық құраманың халықаралық додада үздік нәтиже көрсетуі халықты рухтандырды десем, артық айтқандық емес. Жаңадан тағайындалған спорт министрі Ермек Маржықпаев әлеуметтік желідегі парақшасында осы жеңіс туралы пікір жазды.

– Жеңіс! Біздің команда 1:0 есебімен жеңіске жетті! Футболдан Еуропа чемпионатына іріктеу аясында Қазақстан құрамасы Солтүстік Ирландиямен ойында маңызды 3 ұпай жинады. Өткен жолы финдерге есе жібергенімен еңсесін қайта тіктеген ойыншыларымыздың осы жолғы ойынына тәнті болдым. Мемлекет басшысының футболшыларымызға қолдау білдіріп, ойынға жанкүйер ретінде келуі оларды ерекше жігерлендірді, – деп қуанышымен бөлісті сала министрі.

Осылайша Қазақстан құрамасы аталған ойындағы жетістіктен кейін топта өз орнын сақтап қалды. Алты турдан кейін Қазақстан құрамасының қоржынында 12 ұпай, ал көш басында тұрған Словения құрамасында 13 ұпай. Ең бастысы, Ұлттық құраманың алғашқы рет келесі кезеңге өтуге мүмкіндігі бар. Алдағы ойындарда ел футболшылары барын салып, жеңісті тұғырдан көрінсе, Кәріқұрлық біріншілігінде Ұлттық құрамаға жанкүйер болатын күндеріміз алыс емес.

Жандос ЖАЗКЕН

Бәрекелді!

Аудан спортшылары– әлем чемпионы

Спорт – елдің мерейін асырып, абыройын тасытатын сала. Осы орайда спортты жаныма серік етіп, ауданның намысын қорғап жүрген жастар 7 қыркүйекте Өзбекстан мемлекетінің Хиуа қаласында гір спортынан өткен Әлем чемпионатына қатысты. Байрақты бәсекеге аудандағы «Наркескен» спорт клубының «Гір спорты» үйірмесінен 6 спортшы қатысып, бақ сынады.

Жарыстың алғашқы күні жерлестеріміз ұзын циклді серпе көтеруден сынға түсті. Оған жалағаштық Қайсар Төлеген 78 келі салмақта қатысып, I орын иеленді Әлем чемпионы осылайша ел мерейін үстем етті. Бағы мен бабы келіскен Қайсар Төлеген үмітімізді ақтап келеді. Ол былтыр Үндістанда өткен әлем чемпионатында қола медаль қанжығалаған. Екі мәрте Азияның чемпионы болған Қайсар осы жолғы дүбірлі додада өз мықтылығын дәлелдеп, Әлем чемпионы атанып отыр.

Жарыстың екінші күні де жеңісті жолмен жалғасын тапты. «Наркескен» спорт клубының «Гір спорты» үйірмесінің жаттықтырушысы Абдулхасан Сейтенов ерлер арасында 85 келі салмақта серпе көтеруден III орын иеленсе, 2005-2006 жылы туған жасөспірімдер арасында 73 келі салмақта серпе көтеруден Нұрислам Орынбасар III орынды еншіледі. Сондай-ақ Әзиз Ербол 2007 жылы туған және одан кіші жасөспірімдер арасында 68 келі салмақта серпе көтеруден II орынды иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Ал Ислам Мажиев жастар арасында 68 келі салмақта серпе көтеруден II орын иеленсе, жұлқа көтеру сайысынан алтыннан алқа тағып, Әлем чемпионы атанды.

Жарыстың бірінші күні ұзын циклді серпе көтеруде жеңімпаз атанған Қайсар Төлеген екінші күні де алтын медальға қол жеткізді. Дәлірек айтқанда, ол жастар арасында 78 келі салмақта серпе көтеруден де мықтылығын дәлелдеді.

– Аудан әкімдігінің қолдауымен, демеушілердің көмегімен «Гір спорты» үйірмесін талапқа сай келетін құралдармен қамтамасыз еттік. Спортшылардың сайыстарға қатысуына жағдай жасадық. Осы жұмыстар жемісін беріп жатыр. Гір тасын алаңда ойнататын Абдулхасан Сейтеновтің шәкірттері, «Наркескендіктер» намысты қолдан бермей, еліміздің, облыстың, ауданымыздың абыройын асқақтатуда дейді, – «Наркескен» спорт клубының директоры Ғалымжан Ержанов.

Иә, аталған спорт клубының гір спортынан бір жыл ішінде үлкен жетістіктерге жетуде үйірме жаттықтырушысы Абдулхасан Сейтеновтың еңбегі зор. Ол күні-түні шәкірттерін шыңдауда қажырлы еңбек етіп, бүгінде жемісін көріп отыр. Еліміздің әнұраны мен көк туын әлем көгінде желбіретіп, қазақ халқының абыройын асқақтатқан спортшыларымыздың жеңісті жолдары жалғасын таба берсін.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Спорт

Ардагер спортшы атындағы ашық біріншілік

Аудан спортында сала ардагері Мақсат Қарақұловтың өзіндік қолтаңбасы барын Жалағаш жұрты жақсы біледі. Өмірінің соңына дейін салаға саналы ғұмырын сарп еткен ардагер спортшының өзі де талай додада топ жарды, шәкірттері ізін басып, байрақты бәсекелерде көк туымызды биіктен желбіретті. Бүгінде аудан спорты алға басса, онда Мақсаттай ағамыздың өзіндік қолтаңбасы жатқанын ешкім жоққа шығара қоймас.

Өткен аптада ардагер ұстазды еске алуға арналған аудандық ашық біріншілік өтті. 150-ге жуық спортшы бақ сынаған дүбірлі дода өткен жылдан бері қолға алынған болатын. Дәстүрлі ашық біріншіліктің биылғы кезеңінде 12 команда президенттік көпсайыс спортының 4 түрі бойынша жүлделерді сарапқа салды.

Ашық біріншіліктің ашылу салтанатында аудандық мәдениет және спорт бөлімі басшысының орынбасары Еркебұлан Жамалатов шараның маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Бүгінгі шараның өзіндік маңызы бар, спорттан хабары бар аудан халқына Мақсат Қарақұлов деген есім етене таныс. Ардагеріміздің салаға сіңірген еңбегі ұшантеңіз. Сондықтан бұл тек спорттық қана емес, тағылымды шара деп есептеймін. Былтыр қолға алынған ашық біріншіліктің дәстүрлі шараға айналып, биыл да аяқсыз қалмағаны көңіл қуантады. Ортамызда өзі болмаса да, ағамыздан тәлім алып, тәжірибе шыңдаған спортшылар жетерлік. Олардың алды бүгінде ардагер спортшылардың ізін басты десем қате болмас. Былтыр да тартысты доданың куәсі болғанбыз, биыл да қатысушылар шараның көркін қыздыруда қарап қалмайды деп ойлаймын. Баршаңызға сәттілік, кіл мықтылар оза шапсын, – деді Еркебұлан Жамалатов.

Жарыста ер азаматтармен қатар нәзікжандылар да жүлделі орындарды сарапқа салуда қарап қалмады. Алдымен ерлер 100 метр, қыздар 60 метр қысқа қашықтыққа жүгірді. Мұнан кейін граната лақтыру, бір орында тұрып ұзаққа секіруден сынға түсті. Соңында ерлер 2, әйелдер 1 шақырымға жүгіріп, жүлделі орындарға кім лайық екенін анықтады.

Иә, Ерекең айтқандай, жарыс тартысқа толы болды. Тіпті кейбір спорт түрінен рекорд жаңартқандар да табылды. Мәселен, ерлер арасында граната лақтырудан Бұқарбай батыр ауылының тұрғыны Нұржан Іскендір рекорд жаңартқан. Мамандар гранатаны дәл мұндай ұзаққа лақтыру байрақты бәсекелерде де тіркелмегенін айтады.

Жарыс болған соң бірінің бабы мен бағы қатар шабады, енді бірінің әттеген-ай дейтін кезі тағы бар. Тартысты додада командалық есеп бойынша I орынды Таң ауылының спортшылары жеңіп алды. Ал мұнан кейінгі орынға Дәуімбай елді мекеніндегі З.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектеп спортшылары жайғасса, үздік үштікті қаракеткендіктер түйіндеді.

– Сайыс өте тартысты өтті, біз бұл доданың маңыздылығын жақсы білеміз, сондықтан сайыста қарап қалмадық, ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз. Өзім граната лақтырудан көш бастасам да командамдағы кейбір сәтсіздіктер салдарынан жүлделі орындарға іліне алмадық. Алдағы уақытта қателіктердің алдын алып, олқылықтың орнын толтырамыз деген ойдамын, командаластарыма ешқандай өкпе жоқ, олар барын салды, жүлдеге деген талпынысы жарыс барысында айқын көрінді. Бұл жай ғана сәтсіздік деп ойлаймын, алдағы уақытта дайындыққа басымдық беріп, жүлделі орындардан көрінуге жұмыс жасаймыз, – дейді Нұржан Іскендір.

Айта кетейік, бірінші орыннан көрінген Таң ауылының спортшыларына 50 мың теңге сыйақы мен арнайы диплом табыс етілді. Ал білім ошағының спортшылары 30 мың теңгеге ие болса, Қаракеткеннен келген қатысушыларға 20 мың теңге бұйырды. Мұнан бөлек спорт саласының ардагері Мақсат Қарақұловтың шәкірті Жанқожа Қалиев «Ең жүйрік спортшы» деген арнайы жүлде тағайындаған болатын. Оған жарыста шапшаң қимылымен көзге түскен Асқар Қайратұлы лайық деп танылды.

Былтыр да жоғары деңгейде ұйымдастырылған ашық біріншіліктің биыл жалғасын тапқаны қуантады. Ардагер спортшының ұрпақтары келер жылы да шараның жалғасын табатынын айтып, спортшылардың көңілін бір демдеді. Тіпті олар алдағы жылы Мақсат Қарақұлов атындағы ашық біріншілікті облыстық деңгейде өткізуге бел буып отыр.

Кенжетай БАЛТАБАЙ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1438

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ